

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№3 хаттама

Күні: 25.08.2025

Қатысқаны: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы кеңес мүшелерінің қызметін талдау
2. МДҰ педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.
3. Педагогикалық сағат Ардагер ұстаздармен кездесу. (Сабақтастық)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің хатшысы сөз бастады. 2024 жылдың I жарты жылдығында 2 әдеп кеңесінің отырысы өтті, педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері тарапынан : педагогтың құқықтары, МДҰ-ғы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау, «Педагогикалық әдеп» педагогикалық сағатқа қатысу, МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау, МДҰ педагогикалық кеңесіне еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсынымдар каралды. Әдеп кеңесінің жұмысы жоспарға сай жүргізілуде.

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасында педагогтар тарапынан осы уақытқа дейін жұмыс және жұмыстан тыс уақытта педагогикалық әдепті сақтамаулары, құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ. Жалпы алғанда әдеп кеңесінің жұмысы педагогикалық этика нормаларын сақтауға оң ықпалын тигізіп, қадағаланып тұрады.

Екінші мәселе бойынша комиссия мүшесі жалғастырды. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі - осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көрністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған,

сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай «Гүлдер» жекеменшік балабақшасында алға қойып отырған міндеттерді жүзеге асыруға, қызметкерлері арасында қатерлі дертке жол бермеуге баса назар аударылып отыр. Теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- шаралар атқарылуда.

Үшінші мәселе бойынша комиссия хатшысы ардагер ұстаздармен кездесу дөңгелеу үстелін ұйымдастырды. «Мектеп- білім тірегі, ұстар оның жүрегі» -деп ғұламалар айтқандай, кез келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық – өнер, тағылымы терең өнер. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. Ұстаздардың өз өмір жолдарыңызды, ұстаз болуының қыры мен сыры туралы жас мамандармен шынайылықпен сыр бөліссеңіздер. Сонымен қатар, сұрақ-жауап арқылы жас мамандарға өздерінің баталы сөздерін айтқызды. Сөйлеушілер: -жалпы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жақсы жолда деп ойлаймын. Өйткені әдеп кеңесі барысында айтылатын мәселердің барлығы да педагогтар үшін маңызды ақпарат. Осы айтылған ақпаратқа құлақ қойып, ден қойған педагогтар тарапынан ешқандай құқық бұзушылық болмайды деп нақты айта аламын.


- сыбайлас жемқорлық қазір барлық елдерде басым орын алған зұлымдық. Өзіміздің елімізде жемқорлыққа жол бермеу үшін, алдын алу үшін әрбір азамат «Елім, жерім» деп өзінің туған еліне жаны ашып, кез келген мәселені оңды жолмен шешіп үйрену қажет. Жемқорлық бар жерде ақшаның да құны болмайды, сондықтан келешек балаларымызды да елің құрметтеп, зұлымдықтан аулақ болуға осы бастан бойына сіңіруіміз қажет деп ойлаймын.

Кеңестің шешімі:

1. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы кеңес мүшелерінің қызметіне талдау жүргізіліп, кеңес қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. МДҰ педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі бойынша айтылған ұсынымдарды сақтау назарға алынсын.
3. Педагогикалық сағат: Ардагер ұстаздармен кездесу барысында берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Овезова К.А

Бөлтөк Г.Б